Наурыздың 28-күні «Армысың, әз наурыз» атты ертеңгілік барлық топтарда жоғары деңгейде болып өтті.

2021 ж. Сәуір айында Айгөлек ортаңғы тобында тәрбиеші Еспенбетова М «Қанатты достар» атты ашық көрсетілім өткізді. Ересек «Балдырған» тобында тәрбиеші Сүндетова К. ғарышкер күніне арналған «Ғажайып ғарыш» ашық көрсетілім ұйымдастырды.

2021 ж. 7-мамырда тәрбиеші Сүндетова К Ересек тобының балаларының қатысуымен «Ұлы жеңіс күні» ертеңгілікті жоғары деңгейде ұйымдастырды. Сонымен қатар, 4-ай оқу айларында бүлдіршіндеріміз Республика көлемінде өткізілген балалар шығармашылығы фестивальдеріне қатысып I, II-дәрежелі дипломдар мен алғыс хаттарды иеленді.

Балалардың жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен бейімділіктерін ескере отырып, оларға арналған білім беру қызметінің саласын кеңейту, балалардың қажеттіліктері мен ерекшеліктеріне сәйкес, кіріктірілген іс-әрекетке жағдай жасау, білім беру процесін үйлестіру мақсатында вариативтік компонентке «Тапқыштар», «Бәрін білгім келеді», «Өнерлі екен он саусақ», үйірме жұмыстары жүргізілді.

Топтарда табиғат бұрышында балаларды жануарларды қорғап қамқор болуға, гүлдерді күтіп баптауға тәрбиелеуде жыл бойы еңбек ұйымдастырылды.

Терезе алдында бакша ұйымдастырып, пияз, жүгері, ағаш бұтақтарын егіп, балалар бақылау жасады.

Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын сақтау мен шынықтыру мақсатындағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ересек «Балдырған» тобының тәрбиешілері Сүндетова К «Жалаң аяқ асфальтте жүру», «Тазалық денсаулық кепілі», «Шынықсаң шымыр боласың»

Мамандармен жылдық жоспар бойынша 5 пед кеңес, өндірістік кеңес, меңгеруші жанындағы кеңестер өткізілді.

Педагогикалық кеңестердегі күн тәртібіндегі мәселелер балабақшаның жылдық міндеттерімен байланыстырып алынды.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда, белсенділігі мен білімін тиянақтау мақсатында күн тәртібінде: «баяндамалар, пікір алмасу, сұрақ-жауап, кеңестер» алынып, көрмелер ұйымдастырылды.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде денсаулық технологияларын ендіру арқылы балаларды салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу, денсаулығын нығайту

Кеңестер. Әдіскер М.Тұңғатова

2. Балаларды креативтілік, сыни ойлау, коммуникативтілік және командада жұмыс істей білуге тәрбиелеу. Баяндама. Тәрбиеші А. Баубекова

3. «Менің танымдық әлемім» Ересек топ тәрбиеленушілерімен тренинг.

Тренинг. Психолог А.Бердібаева

6. Вариативті компоненттің жоспарлануы және өту сапасы. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы. Ересектер «Балдырған» тобы

Бір күндік оқу жүктемесінің сақталуы. Жедел тексеру қорытындысы. Барлық топ

Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту мақсатында спорттық мерекелер, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру мен таңертеңгі жаттығулар күнделікті жоспарлы түрде өткізіліп, қауіпсіздік ережелері сақталды.

Жалпы ата-аналар жиналысы 3 рет, топ жиналыстары 3 рет өткізілді. Күн тәртібінде балалардың негізгі құзіреттіліктерін қалыптастыру және отбасында психологиялық –педагогикалық ыңғайлы жағдай мүмкіндіктерін қалай қалыптастыру, отбасында баланы тәрбиелеу, дамыту, балаға эмоцияналды жағдай орнату мәселелерін шешу жолдарын бірлесе отырып шешуге әрекет жасадық. Ата-аналармен сауалнама, пікір талас, тренингтер мен кеңестер ұйымдастырдық.

Жаңа оқу жылында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдырға арналған мемлекеттік бағдарламасы негізінде, өткен оқу жылының қорытынды мониторинг нәтижесін және Қазақстан Республикасыне және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2020-2021 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатына сәйкес, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұны жағдайларында білім беру процесін жүргізу мақсатында, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру; мектепке дейінгі ұйымда балалардың табысты бейімделуі мен дамуы үшін жағдай жасау; коммуникативтілік, креативтілік, сыни ойлау, ынтымақтастық және командада жұмыс істей білу дағдыларын меңгеру; балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу мақсатында « Денсаулық » және «Таным» білім беру салаларын алу жоспарланды

2022-2023 оқу жылының міндеттері

«Физикалық қасиеттерді дамыту» Міндеті

1. Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру: жүру, жүгіру, өрмелеу, лақтыру, секіру, тепе-теңдік сақтау.
2. Жалпы дамытушы жаттығуларды ұлттық қимылды, саусақпен ойынлатын ойындарды, шынықтыру шараларын қолдану арқылы балалардың денсаулығын нығайту.
3. Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру және құрдастармен бірлесіп әрекет етуге дайындау.

Мақсаты

Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың физикалық біліктерімен дағдыларын қалыптастыру және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру болып табылады.

«Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту»

Міндеті

1. Заттарды өзіне тән қасиеттері бойынша зерттеу.
2. Заттардың қасиеттері бойынша ұғымдарды қалыптастыру.
3. Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау.
4. Дидикатикалық ойындар барысында тұрмыста балалардың сенсомоторлық көз бен қолды үйлестіруге үйрету.

Мақсаты

Қоршаған әлеммен өзара әрекет ету үшін қажетті танымдық іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгеруге жағдай жасау болып табылады.

2021-2022 оқу жылының жұмысын талдау

Өткен оқу жылында бөбекжай балабақшада 4 топ жұмыс істеді, онда 85 бала болды. Біздің ұжым мына төмендегі міндеттерді жүзеге асыруда үлкен жұмыс атқарды:

1. «Денсаулық» білім саласы

1. Балаларды жаттығуды өздігінен дербес орындауға, әрі әуенге сәйкес сәнді қозғалыспен орындауға, ойынға ықыласпен көңілді қатысуға, денені тік ұстап, сәнді жүруге, затты аспандата алысқа лақтыруға, қағып алуға, жүру, жүгіру, еңбектеу, секіру, өрмелеу, тепе- теңдікті сақтауға, кеуде, аяқ бұлшық еттерін жетілдіруге, екі- екіден, төртеуден тұрып, сап түзеп жүруге үйрету. Ептілік, батылдыққа үйрету. Ойын ережесіне бағынуға, шыдамдылыққа баулу.

2. Денсаулығын нығайту, шынықтыру.

2. «Таным» білім саласы:

1. Қоршаған әлеммен өзара іс- қимыл үшін қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген мектепке дейінгі тұлғаны қалыптастыру.
2. Математикалық ұғымдарды жиынтық туралы түсініктерді, сандық есептеу дағдыларын жетілдіру, геометриялық пішіндер туралы түсініктерді қалыптастыруды, кеңістікті және уақытты бағдарлау, тірі және өлі табиғат заттары мен маусымдық құбылыстар, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейту, қазақ және басқа халықтардың әлеуметтік- құндылықтары, дәстүрлері мен мерекелері туралы, табиғаттың ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейтуді қамту.

3. «Шығармашылық» білім саласы:

Балалардың шығармашылық қыбілеттері мен ойлап тапқыштық мүмкіндіктерін дәстүрлі және дәстүрден тыс жаңа технологиялар арқылы дамыту.

Міндеттері: Балаларды эстетикалық талғампаздыққа баулау, қиялдау, ойлап табу қасиеттерін дамыту. «ТРИЗ» әдістерін меңгеру арқылы ойлап тапқыштық қабілеттерін дамытып, құрдастарымен ұжымдасып, өнімді әрекет етуге ықпал ету. Әсемдікке, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу.

Осы мақсатарды іске асыру барысында балалардың танымдық қабілетін қалыптастыра отырып, адамгершілік, эстетикалық тәрбиені дамыту, бүлдіршіндердің өзіндік белсенділігі мен іскерлік қабілеттерін, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілік қасиеттерін қалыптастыруға жағдай жасау жұмыстарын жүргіздік. Сонымен қатар балалардың салауатты өмір салтына қызығушылықтарын арттырып әр түрлі спорттық мерекелер мен сайыстар ұйымдастырылды.

Оқу – тәрбие процесіне тұтастығын қамтамасыз ететін негізгі бағдарламалар: Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 01

наурызындағы №205 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты және Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрілігінің №557 бұйрығына енген өзгерістер мен оқу үлгілік бағдарламасы. ҚР оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 3-тамыздағы №348-бұйрығы (МДҰ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ) өзгерістер мен толықтырулар.

Мектепке дейінгі балалардың білім деңгейін анықтау мақстанында жылына 3 рет мониторинг жүйесімен бақылау жүргізілді

Бақылау қорытындысы бойынша

Бастапқы

Аралық

Қорытынды

Балабақшада жылдық жоспарға сәйкес жыл бойына 5 педагогикалық кеңес, 6 меңгеруші жанындағы кеңес, 4 өндірістік кеңес, 2 жалпы ата-аналар жиналысы, ата-аналарға арналған консультация, мерекелер мен ойын – сауықтар, көрмелер мен байқаулар, ашық есік күндері, семинар-практикумдар өтілді.

Педагогикалық кеңесте қаралған негізгі «Сыни ойлау технологиясы», «Әрбір бала жұлдыздай, жарқырауға көмек бер!», «Стандарттық мазмұндағы педагогикалық процесті ұйымдастырудағы заманауи технологиялық әдістер», «Ересек топта тіл дамыту оқу қызметінде жаңашыл технологияларды қолдану қандай деңгейде?», «Тәні саудың-дені сау», «Жаңартылған мазмұнда жұмыс атқару-заман талабы», «Дені сау ұрпақ-болашақ ұлт кепілі» тақырыптарында баяндамалар оқылды.

«Су асты тіршілігі» Таным, Шығармашылық салалары бойынша «Балдырған» Ересек тобында тәрбиешілер Мауленова А, Әлзатова Н.; «Шалқан ертегісі» Қатынас, Шығармашылық салалары бойынша «Балапан» кіші тобында тәрбиешілер Молдабек Г, Құрбанова С; «Әжеміздің орамалын өрнектейміз» Қатынас, Шығармашылық салалары бойынша «Еркетай» ерте жас тобында тәрбиеші Баубекова А; «Клоун и веселые игрушки» Қатынас саласы орыс тілі бөлімі бойынша «Балдырған» ересек тобында пән мұғалімі Тажидинова Г; «Орман жануарларының қысқы тіршілігі» Таным Шығармашылық салалары бойынша «Айгөлек» ортаңғы тобында тәрбиеші Еспенбетова М; «Ғарышкерлер күні» Коммуникация Шығармашылық білім салалары бойынша «Айгөлек» ортаңғы тобында тәрбиеші Адилова А; «Эмоция әлемі» «Айгөлек» ортаңғы тобында психолог Бердібаева А тренингі; «Сықыршы мен Ханқыз» Қатынас,

Шығармашылық салалары бойынша «Балдырған» ересек тобынды әдіскер Еспенбетова М; «Аралар мен қоңыз хикаясы» Қатынас, Шығармашылық салалары бойынша «Балапан» кіші тобында тәрбиеші Молдабек Г; «Сенімді дос-бағдаршам» Қатынас, Шығармашылық салалары бойынша «Балдырған» Ересек тобында тәрбиешілер Мауленова, «Қуыршақтарды ұйықтатамыз » «Еркетай » ерте жас топтарында(Тәрбиеші –А.Баубекова) ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өтті.

Оқу қызмет барысында тәрбиешілер балалармен жүйелі жұмыс жүргізетінін, бағдарламаға сай білімдері бар екенін көрсетті.

Балабақша тәрбиешілері өз тәжірибелерін Республикалық басылымда жариялады. («Қазақ білімі»Респ.ғылыми-әдістемелік ,пед.журнал. №02,53-2022ж 19- 25 беттер.)

Меңгеруші жанындағы кеңесте жоспарланған мәселелер толық қаралды.

Онда топтардың жаңа оқу жылына дайындығына, «Бақылау және Басқару» меңгерушінің зерделеу бөлімі бойынша «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексерулер, «Балалардың тілдерін дамыту барысында сөздік ойындарды пайдалану деңгейі» тақырыпты тексеру, «Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойын құралдарын пайдалануы» тақырыптарында зерделеулер ұйымдастырылды.

Өндірістік кеңесте шаруашылық мәселелері мен балалардың өмірі мен денсаулығына қарау мәселелері және олардың рационалдық тамақтануын қадағалау қаралып отырды.

Тәрбиеші- мамандар тәжірибе алмасу мақсатында аудандық семинарларға қатысып, кәсіби шыңдалып отырды.

Оқу жылы барысында балабақшаның негізгі мақсаттарына байланысты семинар- практикумдер, « дөңгелек үстелдер», жоспардағы тақырыптар бойынша семинар-лекциялар ұйымдастырылды. . Мысалы: «Оригами әдісі», тақырыбында консультация тәрбиеші С.Құрбанова , «Салауатты өмір салтын қалыптастыру» семинар-практикум тәрбиеші Г.Молдабек , «Стэп-бай-степ» технологиясы семинар-практикум әдіскер М. Еспенбетова , «Дидактикалық ойынның маңызы атты тақырыпта семинар-сабақ А. Мауленова , «Бояулар сыры» тақырыбында консультация тәрбиеші Н.Әлзатотва семинар ұйымдастырып өткізу арқылы өз жұмыстарын ойын- сабақтар өткізу арқылы іс-тәжірибе алмасты.

Жас мамандармен жұмыс жоспарға сәйкес жүйелі жүргізілді. Әр айда жоспарға байланысты кеңестер беріліп, түсіндірілді. Тәрбиешілер оқу- тәрбие процесіне барынша жан- жақты, жаңаша, жас ұрпақты шығармашылыққа тәрбиелеу мақсатында түрлі әдіс- тәсілдерді, жаңа технологияларды меңгеріп, оқу қызметіне мұқият дайындалып,оқу қызметін қызықты, балаға түсінікті етіп өтуге талпынды.

Дәрігерлік қызмет жоспары бойынша медбике Ж. Тастанова балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізіп, уақтылы профилактикалық тексеруден өтулерін қадағалап отырды. Ас мәзірін дұрыс ұйымдастырып, балалардың рационалдық тамақтануын қадағалады. Балалардың физикалық дұрыс дамуына көңіл бөліп, сауықтыру шараларын жүргізіп, денсаулық мерекелерін өткізді.

Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту мәселелері бойынша кеңес өткізіліп жылдық жоспарда бекітілді.

«Қауіпсіздік мектебі» іс- шарасы бойынша сейсможаттығу қауіпсіздігі бойынша балаларға нұсқаулық беру, жер сілкінісі, апат жағдайындағы жаттығулар ұйымдастырылып, өткізілді. Топ тәрбиешілері таным саласы бойынша «Рұқсат етіледі – рұқсат етілмейді» ашық алаңда ойындар, «Қауіпсіздік ережесі», ойын- сабақ, «Күтпеген апат», «Зиянды және улы заттар» атты көркем әдебиеттер оқытылып, мақсатты серуен мен қала көшелеріне бақылау жүргізілді.

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес тамыз айында «Алтын күз» көрме ұйымдастырылып, тәрбиешілер жасаған жұмыстарына жаксы баға берілді.

Балалармен жұмыс: 2021-2022 оқу жылы бойында әр түрлі тақырыпта жыл мезгілдеріне, мерекеге байланысты тақырыптық іс- шаралар ұйымдастырылып, ата- аналарға арналған ашық есік күндері өткізілді. Оқу жылы барысында атаулы мерекелерге байланысты «30- тамыз Конституция күні және 1- Кыркүйек- Білім күні», «Армысың Алтын күз!», «Тәуелсіз менің Қазақстаным!», «Армысың, Жаңа жыл!», «Көңілді старт», «8- наурыз- Аналар мерекесі», наурыз мерекесіне орай «Наурыз мерекесі» атты мерекелік ертеңгіліктер ұйымдастырылды. Ортаңғы топ бүлдіршіндері «Қош бол, балабақша!», жазғы сауықтыру жоспарына сәйкес түрлі сауықтыру іс- шаралары мен серуендер ұйымдастырылды.

Балабақша ұжымы басқа балабақшалармен тығыз қарым - қатынаста жұмыс істейді. Аудандық білім бөлімі ұйымдастырған іс- шараларға белсене қатысты.

Алдағы жылы оқу процесінде баланың танымдық қабілетін, шығармашылығын арттыратын іс- әрекеттерге көбірек көңіл бөлуіміз қажет. Жас мамандардың кәсіби шеберлігін арттыратын білім көтеру жұмыстарын жалғастыру. Жұмыс барысында жаңа технологиялық әдіс- тәсілдерді ендіру, жан- жақты ізденіп жұмыстар жүргізу. Замануи көрнекіліктермен қамтамасыз ету, сертификатталған ойыншықтар жиынтығын көбейту.

Осы кемшіліктерді жою мақсатында балабақша ұжымы 2022-2023 оқу жылына мынадай жылдық іс- шараларды мақсат етеді

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын игеру..

(2018ж 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген)

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын зерттеу және іске асыру..

3. «Білім туралы» Заңының орындалуы

4. «Тіл туралы» Заңының орындалуы

5. ҚР оқу-ағарту министрлігінің №348 бұйрығын оқып, талқылау.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына сәйкес жабдықтар мен құралдармен жабдықтардың бекітілген тізбесі сайтқа жүктелді.

№	Топтардың жас ерекшелігі	Дамытушы-заттық кеңістік орта құралдары
1	«Балдырған» Ересек тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: гимнастикалық таяқшалар, құм салынған қапшықтар, кеглдер, кедергілер, секіртпелер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар, қимылды ойындар атрибуттар, «Машина айдау» «Жапырақ жинау» «Құстар», «Қанталапай», «Асықтар», секіртпе доптар, гимнастикалық дөңгелектер Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Бейнетаспалар «Қысқы орман», «Көктем», «Тәуелсіздік тұғырым», «Ойыншықтар», «Сөздік ойындар жиынтығы», «Өуенді кесте», «Өуенді киіз үй», «Жемістер мен көкөністер» Суретті альбомдар-дидактикалық құралдар: «Музыкалық аспаптар», «Жыл мезгілдері», «Ұлттық оюлар», «Жанұя», «Кәсіпкерлер», «Үй жануарлары», «Гүлдер», «Ағаштар», «Көліктер», «Туған өлкем», «Салауатты өмір салты», «Азық-түліктер» Сюжеттік рөлдік ойындар: «Почташы», «Асхана», «Емхана», «Дәріхана», «Қонақ күту» «Киім дүкені», «Шаштараз». Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту материалдары: «Магнитті математика», «Геометриялық пішіндер», «Сандар», «Санағыштар», «Есеп шоттар», «Домино», «Лего», «Пазлдар» «Мозайкалар», «Өртүрлі пішіндегі үлестірме материалдар» «Өлшемді өлшеуге арналған стакандар», «Сызғыштар», «Лупа», «Рубик кубигі». Әлеуметтік эмоциональдық дағдыны қалыптастыру «Патриоттық бұрыштар», «Жыл мезгілдеріне байланысты атрибуттар», «Дәстүрге баулу» «Қазақтың ұлттық аспаптары» «Домбыра», «Сыбызғы», «Жетіген», «Қазақтың киіз үйі», «Қазақ ұлттық киімдер», «Кепкен өсімдіктер гербари».

№	Топтардың жас ерекшелігі	Дамытушы-заттық кеңістік орта құралдары
	«Айгөлек» ортаңғы тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: гимнастикалық таяқшалар, құм салынған қапшықтар, кеглдер, кедергілер, секіртпелер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар, қимылды ойындар атрибуттар, «Машина айдау» «Қанталапай», «Асықтар», секіртпе доптар, секіруге арналған қапшықтар, гимнастикалық дөңгелектер Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Бейнетаспалар «Қыс қызығы», «Көктем айлары», «Менің отаным Қазақстан», «Ойыншықтар», «Сөздік ойындар жиынтығы», «Әуенді кесте» Суретті альбомдар-дидактикалық құралдар: «Музыкалық аспаптар», «Жыл мезгілдері», «Ұлттық оюлар», «Жанұя», «Кәсіпкерлер», «Үй жануарлары», «Гүлдер», «Ағаштар», «Көліктер», «Жемістер», «Көкөністер», «Азық-түліктер» Сюжеттік рөлдік ойындар: Ертегі кітаптар топтамасы «Асхана», «Емхана», «Дәріхана», «Қонақ күту» «Киім дүкені», «Шаштараз». Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту материалдары: «Магнитті математика», «Геометриялық пішіндер», «Қол моторикасын дамытуға арналған ойыншықтар» «Сандар», «Санағыштар», «Домино», «Лего», «Пазлдар», «Кюзинер таяқшалары», «Мозайкалар», «Әртүрлі пішіндегі үлестірме материалдар», «Өлшемді өлшеуге арналған стакандар», «Сызғыштар», «Лупа». Әлеуметтік эмоциональдық дағдыны қалыптастыру «Патриоттық бұрыштар», «Жыл мезгілдеріне байланысты атрибуттар», «Дәстүрге баулу» «Қазақтың ұлттық аспаптары» «Домбыра», «Сыбызғы», «Жетіген». «Қазақтың киіз үйі», «Қазақ ұлттық киімдер», «Кепкен өсімдіктер гербари», «Қазақтың ұлттық ойындары»

№	Топтардың жас ерекшелігі	Дамытушы-заттық кеңістік орта құралдары
1	«Балапан» кіші тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: құм салынған қапшықтар, кеглдер, кедергілер, секіртпелер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар, қимылды ойындар атрибуттар, «Машина айдау», «Самокат» секіруге арналған қапшықтар, Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Бейнетаспалар «Қыс қызығы», «Көктем айлары», «Ойыншықтар», «Сөздік ойындар жиынтығы», «Әуенді кесте», «Көліктер топтамасы» Суретті альбомдар-дидактикалық құралдар: «Музыкалық аспаптар», «Жыл мезгілдері», «Жанұя», «Үй жануарлары», «Гүлдер», «Ағаштар», «Көліктер», «Жемістер», «Көкөністер», «Азық -түліктер» Сюжеттік рөлдік ойындар: Ертегі кітаптар топтамасы «Мақта қыз бен мысық», «Жеті лақ», «Шалғам», «Қонақ күту» «Киім дүкені», «Шаштараз». Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту материалдары: «Қол маторикасын дамытуға арналған ойыншықтар» «Сандар», «Санағыштар», «Есеп шоттар», «Мозайкалар», «Әртүрлі пішіндегі үлестірме материалдар» «Өлшемді өлшеуге арналған стакандар», «Сызғыштар», Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту «Түрлі түсті қарындаштар», «Ермексаз», «Саз балшық», «Әр түрлі мата киындылары», «Түрлі-түсті қағаз», Қайшы», «Қоңырау», «Күй сандық», «Дауылпаз», «Баян». Әлеуметтік эмоциональдық дағдыны қалыптастыру «Жыл мезгілдеріне байланысты атрибуттар», «Дәстүрге баулу» «Қазақтың ұлттық аспаптары» «Домбыра», «Сыбызғы», «Жетіген». «Қазақтың киіз үйі», «Қазақ ұлттық киімдер», «Қазақтың ұлттық ойындары»

№	Топтардың жас ерекшелігі	Дамытушы-заттық кеңістік орта құралдары
1	«Еркетай» Ерте жас тобы	Физикалық қасиеттерін дамытуға арналған құралдар: құм салынған қапшықтар, кеглдер, кедергілер, секіртпелер, жалаушалар, ұзын-қысқа арқандар, қимылды ойындар атрибуттар, «Машина айдау», секіруге арналған қапшықтар, Коммуникативтік дағдыларын дамытуға арналған көрнекіліктер Бейнетаспалар «Қыс қызығы», «Көктем айлары», «Ойыншықтар», «Әуенді кесте», «Көліктер топтамасы» Суретті альбомдар-дидактикалық құралдар: «Жыл мезгілдері», «Жанұя», «Үй жануарлары», «Гүлдер», «Ағаштар», «Көліктер», «Жемістер», «Көкөністер», «Азық -түліктер» Сюжеттік рөлдік ойындар: Ертегі кітаптар топтамасы «Мақта қыз бен мысық», «Жеті лақ», «Шалғам», «Қонақ күту» «Киім дүкені», «Шаштараз». Танымдық зияткерлік дағдыларды дамыту материалдары: «Қол маторикасын дамытуға арналған ойыншықтар» «Санағыштар», «Мозайкалар», «Әртүрлі пішіндегі үлестірме материалдар», «Қатты жұмсақ ойыншықтар» Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту «Түрлі түсті қарындаштар», «Ермексаз», «Саз балшық», «Әр түрлі мата қиындылары», «Түрлі-түсті қағаз», «Қоңырау», «Күй сандық», «Дауылпаз», «Баян». Әлеуметтік эмоциональдық дағдыны қалыптастыру «Жыл мезгілдеріне байланысты атрибуттар», «Домбыра», «Қазақтың киіз үйі», «Қазақ ұлттық киімдер», «Қазақтың ұлттық ойындары»

**«Ақмарал» бөбекжай балабақшасы МКҚК педагогтері туралы
мәлімет**

Р / с	Педагогтардың аты-жөні	Қызметі	Жүкт емесі	Білімі	Еңбек өтілі	Біліктілік санаты	Жанаша біліктілік санаты
1	Жаштаева А.С.	Менгеруші	1	Жоғары	33	санатсыз	
2	Еспенбетова М.Ү.	Әдіскер Тәрбиеші	1,5	Жоғары	9		модератор
3	Молдабек Г.А.	Тәрбиеші	1	Арнаулы орта	14	санатсыз	
4	Баубекова А.	Тәрбиеші	1,5	Жоғары	13		модератор
5	Мауленова А.	Тәрбиеші	1	Жоғары	11	санатсыз	
6	Адилова А.	Тәрбиеші	1	Жоғары	10	II санат	
7	Құрбанова С.	Тәрбиеші	1	Арнаулы орта	29	II санат	
8	Сарбасова Қ.	Музыкант	0,5	Жоғары	9	санатсыз	
9	Бердібаева А.	Психолог	0,5	Жоғары	11	санатсыз	
10	Әлзатова Н.	Тәрбиеші	1,5	Арнаулы орта	31	II санат	

**2020-2021,2021-2022,2022-2023 оқу жылындағы кадрлар туралы
барлық мәліметтер**

№	Педагогтардың қызметтері	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	Меңгеруші	1	1	1
2	Әдіскер	1	1	1
3	Тәрбиешілер	7	7	6
4	Психолог	1	1	1
5	Орыс тілі пәні мұғалімі	1	1	-
6	Музыка жетекшісі	1	1	1
	Барлығы	12	12	10

Жетісай ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ақмарал» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде ұсынылатын қызмет сапасын жоғарылату, күн сайын артып отырған ата-аналар талаптарын қанағаттандырып, балалардың негізгі білім, білік, дағдыларын қалыптастырып, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында инновациялық технологиялар кеңінен қолданылуда. «Педагогикалық шеберлік орталығында» оқып, сертификатталған 3 педагог, АҚ «ӨРЛЕУ» біліктілігін арттыру курсынан 7 педагог өтті. Жаңартылған білім мазмұны бойынша түйінді идеяларын негізге ала алып жұмыс жасауда.

Педагогтардың біліктілікті арттыру туралы мәліметі.

Оқу жылдары	Барлық курстан өткен педагог саны	Оның ішінде «Өрлеу»	Оның ішінде ПШО
2020-2021 оқу жылы	7	5	3
2021-2022 оқу жылы	3	3	1
2022-2023 оқу жылы		-	

«Ақмарал» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде педагогтардың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейлері бойынша бала дамуын үнемі бақылау арқылы тәрбиеленушілердің жетістіктерінің деңгейін анықтау қарастырылып, баланың жас ерекшелігіне сәйкес ептіліктері мен дағдыларының дамуына қадағалау жүргізілді. 2020-2021, 2021-2022 оқу жылындағы бастапқы, аралық, қорытынды кезеңдерімен 2022-2023 оқу жылындағы балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бастапқы бақылау нәтижелері бойынша материалдарды электронды және қағаз түрінде жинақталған. Бастапқы, аралық, қорытынды диагностиканың нәтижелері бойынша бақылау парақтарының мәліметтері негізінде баланың жеке даму картасы топтағы әрбір балаға толтырылған. Жеке даму карталарында білім беру салалары бойынша түзету іс-шаралары көрсетілген және күнделікті күннің екінші жартысында балалармен жеке жұмыста түзету жұмыстар жүргізілуде (тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталары) көшірмелері электронды нұсқауда жіберілді.